

Құдіғетке жүзінү

12016
1748к



ӘКІФСІН ЕРМАН

Күрсін Ерман

*Құдіретке
жүргіну*

Аншаты-2005

E 69 Ерман Ж.
Күдіретке жүгіну – Алматы,
2005 – 168 бет


ISBN 9965-27-752-4

ББК 84 қаз 7-5

E 4702250202
00(05)-05

ISBN 9965-27-752-4

© Ерман Ж., 2005



Автордан:

Ұят дейтін бір кінәз, нәпсі дейтін бір кесел – арбасады да жатады. Содан ба еken, қанагаттың шапаны мен қияметтің кебінін мен алдымен өзіме өлшеп көремін. Назары сұсты бір құдірет жазғанымды жырттыра береді, кітабымды кідірте береді. Алпысқа келгенінше бар жазғаны бір томга жетер-жетпес өлең болған Абай аға да көкжелкемнен қарайды да тұрады. Ол кісі де қатал-ақ! Осылайша бар мен жоқтың, от пен судың арасында қапылған шамышыл шайырдың тым болмаса бір шумақ өлеңі, тым болмаса бір қайырым сөзі талғампаз оқушының таңдайын жібітуге жараса кетті деп үміттің шырагын үрлегеннен басқа, құдіретке жүргінгеннен басқа не шара бар?!

Ақын Сұрсаң



Жүрсін Әрман "Күдіретке жауапы"

Таба алмай көркем қысының жырдың
Иінім түсіп, исініп жүрмін.

Киуым қашып, қындағы ма іс –
Ойымда – Муза, миымда – дыбыс.

Шылдырлап бақыр тиындаі сезім,
өлеңге сыймай құйындаі сезім

Қаламның бүгін неге аз міндеті –
Айдаңдаі таза қағаздың беті.

Есімі Муза жақпай сұлуға
Татайын десен, таппайсың у да!

Мұрсін Әфшан "Күдіретке жауғану"

Қаламды әкел, қарманып жазайын жыр,
Жаным төсеп жазғаным азайып жүр.
Ылъамымды үйтқан наурыз айы
Мақамыммен ұмытқан көзайым ғыл.

Жазушы едім наурызда жап-жасыл жыр,
Биыл осы дағдым да алжасып жүр.
Сыйқырымен тербейтін сез-қазынам
Тиындайын қағады ол да сылдыр.

Ақыл апшып қалғанын, сезім бұғып,
Отырамын ішімнен өзім біліп.
Базар баққан бәдіктер ортасында
Кісі де жоқ тұшынар сөзінді ұғып.

Бір күніңнен аумайды бір күніңіз,
Жамалатын түрі жоқ жыртығымыз.
Саңырауға беретін сәлемдей-ак
Кімге дәрі осы өлең шіркініңіз?

* * *

Ертеректеу ержетіппін
өтіп дәурен, озып ғалам.
Киіс көрген керзі етіктің
Жұлығында тозып барам.

Уатылып төзім бордай
Қайда асығыс алып-ұштық?
Қасатталып сезім қардай
Суынды ерте қаным ыстық.

Тұлпарын бір тебінуге
Қысса жастық тақымын сәл,
Жігіт болып желігүте
Жібермеді ақылым-шал.

Саяқ жүрген құландаимын,
Жығылады жығам қай күн?
Ештеңеге қуанбаймын,
Ештеңеге жұбанбаймын.

Жүргімен арыстанның
Қозыдайын көгенделдім.
Дел-сал болған данышпанмын,
Қайғы жұтқан кеменгермін.

Ойыма мұң міңгесуде,
Тәнірім-ау, есірке бір:
Тақуа боп күн кешүте
Тати ма екен осы ит өмір?

Жүргін Ерман "Күдіретке жауғіну"

БӘСІРЕ СӨЗ

Көз ашқалы
Көргенім – сөз астары.
Әр көңілдің болса егер өз аспаны,
Әр сөздің де болады өз асқары.

Сөздің батпан салмағын сездің бе, ұлым,
Әр сөз өзі кеседі өз кіндігін.
Көздің құнын сұрама сұрамасаң,
Сұрау керек алайда сездің құнын!

Бір сөз үшін азапқа тәзгенде адам,
Сөз бағасын қапысызың сезген бабаң.
Аттан жығыл жығылсаң – оқасы жоқ,
Жығылуға болмайды сезден, балам!

Қазақ елі секілді зерек елде
Сөз қадірін ұғыну керек ерге.
Шашқың келсе – дүние, малыңды шаш,
Тек сезінді беталды бере көрме!

Төмен болмақ өлеңнің бәсі неге?
Сөзінді бақ.
Әрнекте.
Әсіреле.
Сөз мінгіздім мен саған алшаңдатып,
Ат мінгізсе ел ұлына бәсіреге.



* * *

Жалт-жұлт етіп көшеді жарық ғалам,
Киялдан да ұшқыр ол шарықтаған.
Секіреді тәбемнен киік күндер,
Аузымды ашып,
Аңырып қалып барам.

Жетпесімді білсем де – армандаимын,
Әтпесімді бұлдаған сормаңдаимын.
Бар мен жоқтың қапылдым арасында
Шуылдайды бейmezгіл орман-қайым.

Түйіледі тәбемнен бұлты үрейдін,
Жаяу алмаймын,
Әншейін күркіреймін.
Тастәбемнен мұзбалақ шүйілгенде
Жата кеткен шалқалап тұлқідеймін.

Бірақ – бармын,
Мен осы жалғандамын,
Толғанғаным – секілді алданғаным.
Ішірткідей өлеңге езіп берем
Алиынның аузымда қалған дәмін!

Мұрайін Әрмән "Күдіретке жауғіну"

* * *

Сен әбден қажыдың ба менен, қарғам,
Көбейді кемістігім сен анғарған
Келіп ем арман қуып,
Енді бүгін
Билік те, байлық та арман,
өлең де арман.

Арманға алаңдасам – ас батпайды,
Мұңайсам –
басымнан кеп баспақ қайғы.
Жақындал қалдым десем бір арманға
Сайтанның отындаі боп қашқақтайды.

Білмеймін – шайырмын ба, шайқымын ба,
Түгел сөздің түбінде Майқымын ба?
өзімді өзім ұқпай жүргенімде
Сыртымнан сансыз гайбат айтылуда.

Үмітін артып еді ел де маған,
Көбейіп бара жатыр мендегі алаң.
Сен әбден қажыдың-ау.
Ал мен, мен ше?
Мен қажымай жүр ме екем?
өл де маған!



Жүрсін Әрмән "Күдіретке жауғану"

* * *

Нәпсі деген кеселдің
Кесірінен неше өлдім.
Терім қалындаған соң
Терлемеуге тәселдім.

Сөз сәйлесем жобалы
Ол өзімді табады.
Айтылмаса ақиқат
Кімге қалар обалы?

Қарап жүріп күйінем,
Жұдырықтай түйілем.
Жапырылам қоғадай,
Адырнадай иілем.

Түсіп кетсем топқа кіл
Алтын басым – қақпақыл.
Өзгермейді болмысым,
Осы менде жоқ па ақыл?

Көңілімнің жырттығын
Кеңеятеді түртіп ұл.
Дүрдигенмен сырты құр
ТАқымымда жүр тұғыр.

Жұртқа кінә тақпаймын,
өзіме өзім жақпаймын.
Шырылдаған жанымды
Қай сандықта сақтаймын?!

* * *

Парыз да көп мойында өтелмеген,
Сөз шығындалап,
Жазамыз бекерге өлең.
Әмір деген – шөліндей Кербаланың,
Жеткізбейді жеріне жетем деген.

Мейлі, сенсің қазақтың біртуары,
Баламысың
Баспаған мұртын әлі:
Тағдыр деген – қағазы туалеттің,
Жыртылмайтын жерінен жыртылады!

БАС

Басқаларды қайдам:
Менің басым – біреу.
Жалғыз басқа, айнам,
Таппай жүрмін тіреу.

Тауга да оны ұрдым,
Тасқа да оны соқтым.
Есекіреп тұрдым,
Есті болған жоқпын.

Жарғақ басым қанын
Сорғалатты кілең.
Сірә менің жаным
Басымда емес білем.

Тиіп басым тасқа
Кейде ашиды миым.
Дүшпаны көп басқа
Ие болу қыын.

Оңғарылмай жолым
Басым талай сынды
Тек ішінде соның
Бірдене бар сынды.

Көрешегін көрмей
Кірмес сірә көрге.
Мен игенмен жерге
Ұмтылады ол төрге.

Қадірімді кісі
Біле түссін дей ме.
Ойға толып іші
Сықырлайды кейде.

Жүрсін Ефіан "Күдіретке жеңіну"

Бітпей мәңгі егес
Ағарғанмен шашым
Тыншу табар емес
Менің қара басым.

Таусылғанша демім
Қуармын бір елес.
...Тыныш жүрер едім:
Басым екеу емес!



* * *

Ақыннан ес кететін,
жырдан – маза
Керегі не дақпырттың құр даңғаза:
Таңда мақшар болғанда, әр пендеге
Анық болса бір әділ тұрған жаза?!

Данқымды емес, тәнірім, антыымды бер,
Болжамасам халімді – халқым күлер.
Кешейін қойдан қоңыр тірлігімді –
өзінің шамасы мен шарқын білер.

Жайдакталып кеткенмен замана тым
өңмендеумен шықпасын жаман атым.
Шұға жауып жатса да көктен жерге
Қалғып кетпе, қазақы қанағатым!

(Т.Молдағалиевке)

Жүйріктей шашасына шаң тұспеген
Ақынға бұйым ба еken алпыс деген.
Сен әлі сұлуларға сұғынқ қадап
Жазасың шамырқанып тал түсте өлең.

Аландаң жұмысың жоқ ештеңемен
Жазасың тұнде де өлең, кешке де өлең.
Қарыздар сияқтысың өлеңге әлі
Көп бұрын қосылсаң да көшке менен.

Алпысқа келді десе жыр-Тұманбай,
Жүрер ме елі сенбей, жүртү нанбай.
Көңілдің аппақ жібек орамалын
Кірлетпей, қапияда жыртып алмай,

Келеді жылдарына жыл қосылып,
Келеді мұңдарына мұң қосылып.
Тұманбай дейтін әлем аспанында
Жатқандай будақ-будақ жыр жосылып.

Ақынның тауып берер аңсарын кім,
Жұпарын жұтқың келер барша гүлдің.
Сезімін жыр сыйқыры тербегенде
Көзінен жас боп тамдың қанша арудың?!

Ғұмырын махаббаттың созған ақын,
Бәйгеден келе берсін озған атың.
Сыздатып сұлулардың омырауын
Сусылдан қаға берсін сөз қанатын!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ҚАБІРІНІЦ
БАСЫНДА ЖАЗЫЛГАН
ЖЫРЛАР

1.

Сыйынайын
“Раббым” деп бір аллаға,
Орала гөр тіліме, құран дана.
Тay-сәждага басымды тигізейін,
Жайнамазым өзің бол, қыран-дала.

Түзетпесе қисығын өлім-Ана
Қыңырым мен қырсығым мәлім, Аға.
Шұбар тілім сыймайды көмекейге
Келтірмесе тылсымың кәлимага.

2.

Босап аға,
Келетін боздап іні,
Бар қазақтың бұл қабір – өз қабірі.
Итке ашамай салғаннан иман таптай
Сені іздедік – өлгенде сөз қадірі.

Теріс мініп тұғырын
тойсыраған
Үмбетіңбіз – тәубаға ой сұраған.
Күдірейтіп жұрсек те жалымызды
Толар емес орының ойсыраған.

Тұрқың асып тұрғанда көп тұғырдан
Келмеуші еді шобырлар шоқтығынан.
Шыбындасақ соларға шұлғып басты
Бәрі, Мұха, өзіңнің жоқтығынан.

Жүрсін Әрмән "Құдіретке жаңғыну"

Шыққандай-ақ шалдықпай еркін қыстан
Шекесіне киеді бөркін дүшпан.
«Қой» дейтүғын қожасы болмаған соң
Шал көбейді шалдуар, кемпір мыстан.

Қызда – қауіп,
бұл күнде үлда алаң бар,
Тұлқі заман бұлқілін кім бағамдар?
Ішігінің астарын індеп жүр
Інісіне сақалын бұлдағандар.

Жайлағандай жастықтың дерт денесін
Ұмытылады өңмендей өртке несін.
Арқасынан бір адам қақпағасын,
Маңдайынан бір адам шертпегесін.

Азабына қазақтың қосып азап
Дүшпан таба қылады, досы – мазақ.
Жауға алдырмас жарағын дауға алдырып
Сормандай-ау шынымен осы қазақ?

Тұнжыраған көзімде тұнып бір мұң
өксігімді көмейде құмықтырдым.
Қайран Мұха, қадірің өткен күні
Басыңа кеп, бөрідей ұлып тұрмын!

3

Құрысыншы.
Бәрі де құрысыншы.
Бірі – ақылгей қазақтың.
Бірі – сыншы.



Бәрімізге жақсатты көрінем деп
Арамтер боп арада жүр үшінші.

Ескі дерті қазақтың дерсің мұны,
Түңілтеді тобасызы ер сұмдығы.
Сарқытынан садаға кеткірлер-ай,
Бір – рушыл ағаның,
Жершіл – бірі.

Солай.

Аза бойынды қаза қылған
Ит өмірдің несі кем дозағынан?
Қазак, қазақ дегенде қар сындырып
Көресіні көрдік сол қазағынан.

Дандайсыған дәлдүріш данасынар,
Жанап кетсең – жабатын жаласы бар.
Ит тірліктен іргенді бөлгің келсе –
Жай табатын жалғыз жер – мола шыгар.

М. А-ға.

Керегі жоқ, білмеймін –
Нешедесің?
ғашық жырдың көгертіп көсегесін,
Ынтық жүрек,
Ып-ыстық алақанмен
Нұрлантасың өлеңнің пешенесін!

Шағаладай шаңқылдал шындық үшін
Мұнаюмен журмісін, мұнды құсым?!
Желбауынан босаған өлең-үйдің
Желпілдеген желмая тұндігісің.

Мұнды құсым!
Домбыраның қаз мойын күмбірісің.
Хрустальдің мәп-мәлдір сыңғырысың.
Аппак жеңгем майысып кесте тіксе,
Кестесінің келісті бір гүлісің!

Үлпілдеген жалғыз тал қауырсының,
Қауырсынды қандай құс ауырсының?!
Тауға барсам –
таңғы шық өрнектеген
Салқарағай сәулетті самырсының!

Үлбіреген мамықтай бар тұлғасы
Махаббаттың мейірбан марфұғасы.
Теренінен теңіздің сүзіп алған
Маржандай боп жанаға жарқылдашы!

ҚАРАСАЗ. ҚАРАШАЛ.

ҚАРҒЫБАУ.

(Мұқағалидың ақырғы түсі)

Қаракөздің қойнында
Қарасөзге тойдым ба.
Қаратүнек ойдың да
Қарғыбауы мойнымда...

Қара бұлтты жамылып
Қара жолдың үстінде
Қарасөзден жаңылып
Қара өленге түстім бе.

Қарасазға бардым ба
Қара шалғын кештім бе.
Қара шалдың алдында
Қара өлендей естім бе.

Қара, қара, қара өлең,
Қарайғанның бәрі өлең
Қарасаздың қары өлең,
Қара өлендей кәрі емен.

Кәрі еменім – қара шал,
Қара шалым – кием ең.
Қара шекпен жарасар
Картыма кеп сүйенем.

Картымды ойлап қамығып,
Қара нардай ыңырсып
Қарғанудан жалығып,
Қара көніл тымырсық.